Мемлекеттік гранттарды
қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және
олардың тиімділігін бағалау
қағидаларына 7-қосымша
Нысан
Кімге: "Азаматтық бастамаларды қолдау
орталығы" коммерциялық емес акционерлік
қоғамына
Кімнен: **«Жастар таңдауы - Атырау»
қоғамдық бірлестігінен**
(Өтініш берушінің толық атауын көрсету)

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім**

<table>
<tr><td colspan="5">1. Өтініш беруші</td></tr>
<tr><td>1. БСН</td><td colspan="4">0409 4001 0742</td></tr>
<tr><td>2. Ұйымның тіркелген күні</td><td colspan="4">Алғашқы мемлекеттік тіркеу 15 қыркүйек 2004 жыл, соңғы мемлекеттік тіркеу 22 ақпан, 2024 жыл</td></tr>
<tr><td>3. Ұйымның толық атауы</td><td colspan="4">«Жастар таңдауы - Атырау» қоғамдық бірлестігі</td></tr>
<tr><td>4. Ұйымның заңды мекенжайы</td><td colspan="4">Атырау облысы, Атырау қаласы, М. Әуезов даңғылы, №65</td></tr>
<tr><td>5. Ұйымның басшысы</td><td>Тегі<br>Сейткалиев</td><td>Аты<br>Даурен</td><td>Әкесінің аты (болған жағдайда)<br>Нухович</td><td>Лауазымы<br>Төраға</td></tr>
<tr><td>6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері</td><td colspan="4">II. Мақсаттары мен міндеттері<br>Бірлестіктің мақсаты Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, жастардың жан-жақты дамуы, оның адамгершілік, интеллектуалдық әлеуметін, әлеуметтік мәртебесін, саяси, құқықтық және рухани мәдениетін арттыру, әлеуметтік-экономикалық және басқа жағдайларды жасауға қатысты.<br>Бірлестік өз мақсаттарына жету үшін келесі міндеттерді атқарады:<br>- мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға жастар саясатын жүзеге асыруда көмек көрсету;<br>- жастардың тұлғалық дамуы;<br>- азаматтық қоғамды дамыту;<br>- дарынды жастардың кәсіби сомдалуына көмек көрсету;<br>- сапалы ақпаратты, жаңалықтарды, талдауларды немесе бұқаралық ақпарат құралының басқа да өнімдерін жасау және тарату;<br>- радио және телебағдарламаларды эфирге шығару, кинодокументалды бағдарламаларды, аудиовизуалды жазбаларды және басқа да мерзімді немесе үздіксіз берілетін бұқаралық ақпарат түрлерін, оған қоса көпшілік назарындағы телекоммуникациялық жүйелердегі Web сайттарды көрсету(интернет және т.б.);<br>- теле, радио, бейне бағдарламаларды шығару;<br>- халықтың өзекті мәселелер туралы хабардар болуын арттыру;</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| 7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар | барлық санаттағы жастар, қоғамдық және студенттік ұйымдар, мемлекеттік органдар – жастар ұйымдарының жетекшілері |
| 8. Ұйымның байланыс телефоны | **+7 702 425 4212** |
| 9. Электрондық пошта мекенжайы | akbaev.90@mail.ru |
| 10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты | |
| 11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар) | Instagram: https://www.instagram.com/zhastartandauy_atyrau?igsh=cWQ2dTlkaDZ3cTM= |
| 12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар * Ескерту. * Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері. | (see table below) |

| № | Әлеуметтік жобаның атауы | Қаржыландыру көлемі (теңге) | Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші | Орындау кезеңі | | Негізгі нәтижелері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Басталуы | Аяқталуы | |
| 1. | Студенттік өзін-өзі басқару органдарын қолдау және дамытудың тиімді тұтас жүйесін құру «Atyrau Students Union» жобасы | 10 342 000 | «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес ұйымы | 06.2023 | 12.2023 | Жоба басталған кезден бастап әр 2 апта сайын белсенді студенттермен және Жастар ісі жөніндегі комитет мамандарымен кездесулер ұйымдастырылды. Кездесудің мақсаты оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты арттыру. 3-4 курс студенттеріне 10-нан астам мекеменің қатысуымен жәрмеңке өткізілді. Сонымен қатар: интеллектуалды ойын, Жастар ісі жөніндегі комитетінің жұмысын жетілдіру, облыс бойынша ЖОО және ТжКБ ұйымдарымен бірлесе отырып студенттік өзін-өзі басқару құрамын құру, студенттер арасында шахматтан Асқар Төребайұлын еске алу турнирі, облыс бойынша ЖОО және ТжКБ ұйымдарының қатысуымен волейболдан турнир, облыс студенттеріне арналған мәдени-шығармашылық іс-шаралары ұйымдастырылды. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |
| | 2. | Орта және арнаулы оқу орындарында студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамыту бойынша қызметтер | 18 798 225,25 | "Атырау облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасы" ММ | 04.2018 | 12.2018 | Жоба аясында өткен I Жалпы облыстық студенттер кеңесінде облыстық студенттік өзін-өзі басқару ұйымының құрылымына жаңа «Atyrau Students Union» атты жүйе қабылданған болатын.<br>Аталған жылы, облыс көлемінде дәстүрлі оқу орындары арасында «Студенттік көктем-2018», «Күзгі бал -2018» өткен болатын.<br>Облысымыз бойынша 80 жас көшбасшылардың қатысуымен Ресей Федерация, Железноводск қаласында «Жастар Отанға» лагері ұйымдастырылып, өтті.<br>Қосымша, студенттерге әртүрлі бағыттағы 6 іс-шара өткен болатын. Атап айтқанда:<br>1) Асқар Төребайұлын еске алуға арналған I облыстық ашық шахмат турнирі;<br>2) Облыстық «Atyrau Content Makers» бейнебаян байқауы;<br>3) Атырау – маленькая страна» ҚБ тіркелген ДЦП диагнозды бүлдіршіндерге арналған іс – шара;<br>4) Қазақ күресінен «Студент барысы - 2018» облыстық турнирі;<br>5) «Шаңырақ» балалар үйінде ұйымдастырылған шығармашылық кеш;<br>6) Атырау қаласындағы жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсету шарасы;<br>Студенттерді қоғам, мәдени және спорттық өмірге шақыру мақсатында, Параолимпиадалық спорт түрлерінен ҚР спорт |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | шеберлері Сәлімгереев Ержан және Қазиев Ерланмен, Қазақстанның халық әртісі Талпакова Гүлжан Ізімқызымен кездесулер өтті.<br>Сонымен қатар, 2018 жылдың қыркүйек және қазан айларында Атырау облысының жоғарғы, кәсіптік және техникалық оқу орындарында студенттер ұйымының жаңа көшбасшыларын сайлау өткен болатын.<br>Жылдың соңында, II Жалпы облыстық студенттер кеңесінде оқу орындарының қиындық туғызып жатырған мәселелері талқыланып, анықталған мәселелер бойынша Атырау облысының әкімі Н.А.Ноғаевқа хат жазылған болатын.<br>Қараша айында, елімізде белгілі жұлдыздардың, атап айтқанда, Кәмшат Жолдыбаева, Мирас Жүгінісов, Гүлнұр Оразымбетова, Ochoou, Арнау дуэтінің қатысуымен Астана қаласының 20 жылдығына арналған «Веналық бал» қайырымдылық балын ұйымдастырылып, өткен болатын.<br>Жоғарыда аталған шаралар жыл қорытындысы бойынша, «Серпін» бағдарламасы бойынша білім алып жатырған 24 студентпен, студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің 90 көшбасшы студенттерімен және шығармашыл 92 студентпен бірігіп, өткізілген болатын. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 3. | Өңірлік жастар форумын ұйымдастыру және өткізу | 3 950 000 | "Атырау облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасы" ММ | 04.2017 | 12.2017 | 30 – 31 тамыз күндері аралығында Атырау қаласында “Saraysiq Upgrade – 2017” өңірлік жастар форумы өтті.<br>Форум өңір жастары арасында өткізілген сауалнамаға сүйене отырып 3 түрлі бағытта өткен болатын, олар : киномотография , медицина және экология бағыттары.<br>Бағыттар бойынша келесі спикерлер шақырылған болатын:<br>Киномотография бағыты бойынша:<br>1. Асқар Бисембин - сценарист.<br>2. Санжар Мадиев – актер.<br>3. Азамат Дулатов - оператор.<br>Медицина бағыты бойынша:<br>1. Берік Шәріп - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігнің қоғам денсаулығын қорғау комитетінің басшысының орынбасары.<br>2. Карина Гаухар – Атырау облыстық балалар ауруханасының дәрігері.<br>3. Күлшара Өтеуқызы – Атырау қалалық №2 аурухана басшысы.<br>Экология бағыты бойынша:<br>1. Лаура Маликова – Кеңес беруші эколог .<br>2. Шынар Ізтелеуова – Атырау қаласы экологы .<br>3. Тоқтар Болысов – “Жасыл ел” ЖЕЖ республикалық штаб басшысы.<br>4. Арман Хайруллин – Жас кәсіпкер, қоғам белсендісі.<br>Форумға 150 – ге жуық қатысушы тіркеліп , форум бағдарламасы бойынша түрлі дәрістер және іс – | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | шараларға қатынасып , форум қатысушыларының арнайы сертификатын алды.<br>Форумға ҚР-ның 4 облысы (Атырау, Ақтөбе, БҚО, Маңғыстау) және Ресейдің 2 облысы (Астрахань, Оренбург) қатысушылар тіркеліп , қатынасты.<br>Форумның жабылу салтанатына Атырау облысының әкімі Нұрлан Асқарұлы Ноғаев арнайы келіп, қатысқан болатын. |
| | 4. | Жоғары және арнаулы орта оқу орындарында студенттік өзін-өзі басқару құрылымдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізу | 3 450 000 | "Атырау облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасы" ММ | 04.2017 | 12.2017 | Жоба аясында, облысымыздың оқу арындары арасында EXPO 2017 Халықаралық көрмесіне арналған **“Студенттік көктем – 2017”** тақырыптық фестивалі, «Күзгі бал-2017» шарасы ұйымдастырылып өткен болатын.<br>Сонымен қатар, 2018 жылдың қыркүйек және қазан айларында Атырау облысының жоғарғы, кәсіптік және техникалық оқу орындарында студенттер ұйымының жаңа көшбасшыларын сайлау өткен болатын.<br>Облысымыздағы шығармашыл жастардың қабілетін шыңдау мақсатында XIII Облыстық Дельфий және ПараДельфий ойындары өткен болатын.<br>Сонымен қатар, Атырау облысындағы жоғарғы және арнаулы оқу орындарының студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысын жетілдіру мақсатында және студенттік өзін-өзі басқару құрылымы аясында өткізілетін 7 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | шараны талқылау үшін оқу орындары президенттерімен 2017 жылы әр аптаның бейсенбі күні кем дегенде 15 жиын өткізілген болатын. Нәтижесінде, облыс көлемінде белсенді студенттердің қатысуымен келесі 7 іс-шара жүзеге асырылған болатын:<br>1) Облыстық студенттер арасындағы волейболдан жарыс;<br>2) «Шаңырақ» балалар үйінің бүлдіршіндерін ойын-сауық орталығына және кино көрсетіліміне апарып, сыйлық табыстау шарасы;<br>3) «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлудың» ғашықтар күніне орай, «Атырау» сауда үйінде өткен «Махаббат мәңгі аңыз» кеші;<br>4) 8 мамыр қарулы күштер күніне орай, Махамбет пен Исатай орталық алаңындағы «Zhastar Party» атты мерекелік концерт;<br>5) **«Жастардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту»** тақырыбында ЖОО және кәсіптік техникалық білім беру мекемелерінің жастар комитетінің жетекшілеріне арналған шеберлік сыныбы;<br>6) "Рухани жаңғыру" мемлекеттік бағдарламасын насихаттау мақсатында **“Street fest” субмәдениет фестивалі;**<br>7) **«Жастардың өзін-өзі басқаруы мемлекетпен тығыз қарым қатынасы ретінде» өңірлік көшбасшылар слеті;** |
| 2. Әлеуметтік жобаның командасы | | | | | | | | |

| | |
|---|---|
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | **Ақбаев Асемхан Тілекқабылұлы**<br>*Жоба және жоба командасының жетекшісі* |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | - 2024 ж. мамыр – б.к.д.: «Atyrau Densaulyq Media» медиа жобасының редакторы<br>- 2023 ж. қаңтар – б.к.д.: «Атырау» әлеуметтік даму корпоративтік фонды, жоба менеджері<br>- 2019 ж. қаңтар – 2022 ж. қараша: «MirArt» ЖК, жетекші көмекшісі<br>- 2018 ж. наурыз – тамыз: Атырау қаласы Жастар ресурстық орталығы, ұйымдастыру бөлімі маманы<br>- 2017 ж. наурыз – желтоқсан: «Жастар таңдауы – Атырау» қоғамдық бірлестігі, жоба менеджері;<br>- 2014 ж. тамыз – 2015 ж. мамыр: «РАШ» ЖК, сату бөлімі маманы; |
| 3. Қосымша мәліметтер | **Білімі:**<br>• 2014 ж.: Алматы қаласы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті; Ақпараттық технология;<br>• 2009 ж.: Каспий өңірінің қазіргі замандағы жоғары колледжі, құқықтану;<br>**Жетістігі:**<br>Сценарий жазады, жобалардың авторы: Атырауда, Guw view, Oillable, QaneWest секілді креативті жобалардың көмекшісі болып жұмыс істеді. Бүкіл Қазақстан бойынша көптеген шығармашылық жобалар бар. |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме | Instagram: https://www.instagram.com/assemkhan_akbayev?igsh=YThnc29neGFsdTly<br>Facebook: https://www.facebook.com/profile.php?id=100051213755784&mibextid=LQQJ4d |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | **Ермұханов Салауат Қайратұлы**<br>*менеджер, қоғаммен байланыс жөніндегі маман* |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | - 2024 ж. мамыр – б.к.д.: «Atyrau Densaulyq Media» медиа жобасының үйлестірушісі<br>- 2023 ж. мамыр – 2024 ж. ақпан: «Атырау» әлеуметтік даму корпоративтік фонды, жоба менеджері<br>- 2022 ж. желтоқсан – 2023 ж. мамыр: «Азия Incorporated» ЖШС, инженер эколог<br>- 2022 ж. тамыз - 2022 ж. желтоқсан: «Азия Incorporated» ЖШС, эколог-сынама алушы;<br>- 2020 ж. қыркүйек – 2021 ж. мамыр: Атырау облысы бойынша Экология департаменті, экология инспекторы көмекшісі;<br>- 2018 ж. ақпан – 2018 ж. тамыз: «Жас Атырау» жастар порталы, SMM маркетолог; |
| 3. Қосымша мәліметтер | 2020 ж.: М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Экология және табиғатты пайдалануды басқару;<br>2018 ж.: Атырау инженерлік-гуманитарлық институты, Мұнай-газ ісі;<br>Kaizen Center №5016 "Үнемді технологиялар негіздері" бағдарламасы бойынша оқу курсінен өткен. «Atyrau Sport Fest 2023» мерекелік шарасы, «Saraishyq upgrade 2023» Халықаралық жастар форумы, «Atyrau Jastar Fest 2023» Жастар күніне арналған шаралардың жоба үйлестірушісі ретінде алғыс хат, сертификаттармен марапатталған. Сонымен қатар, бүгінгі жобаға мәні мен мақсаты сәйкес келетін 2023 жылы «Atyrau Bilim Media» жобасын «Атырау әлеуметтік даму» корпоративтік фондында үйлестіруші ретінде жүзеге асырды. |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме | Instagram: http://www.instagram.com/imsalauat/<br>Facebook: https://www.facebook.com/share/ktwoptCh6Ks8p4WG/?mibextid=qi2Omg |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы | **Уапов Хайдарбек Манарбекұлы**<br>*әкімшілік бөлім бойынша менеджер (бухгалтерия, шаруашылық)* |

| | |
|---|---|
| команда қатысушысының лауазымы | |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | 2021 ж. – б.к.д.: «Жастар таңдауы – Атырау» қоғамдық бірлестігі есепшісі<br>2021 ж. – 2024 ж. «Santowm» ЖШС - Есепші<br>2017 ж. – 2021 ж. «Ресми ЕНМ Групп КЗ» ЖШС - Есепші<br>2014 ж. – 2016 ж. «ОФ Серт» ЖШС - Есепші |
| 3. Қосымша мәліметтер | 2017 ж.: Мәскеу қаласы, Ашық институт – Жоғары кәсіби мектебі, құқықтану;<br>2016 ж.: Атырау инженерлік гуманитарлық институты, экономика;<br>«1С» Бухгалтерлік есеп Қазақстан үшін |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме | Instagram: https://www.instagram.com/040uap?igsh=MWt1aDdsdnI0YXR2NA==<br>Facebook: https://www.facebook.com/share/XjniAKbTUVJV35Mo/?mibextid=LQQJ4d |
| 3. Жоба туралы | |
| 1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады) | Әлеуметтік роликтер циклін әзірлеу |
| 2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы | «Avocado social video's» жобасы |
| 3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.) | «Жастар – біздің болашағымыздың негізі – өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктеріне қол жеткізеді», «Жастар – қоғамымыздың жүрек дүрсілі», «Ұлттың бүгіні мен келешегі – білімді жастардың қолында» деген ой-пікірлерді естіп те, айтып та жүрміз. Сондықтан, бүгінгі жастар бейнесі мен болашақ жастар бейнесі бізді көп ойландырады. Ертеңді болжау үшін алдымен бүгінгі күнге мән беру керек. Қазіргі жастар немен айналысады? Қазіргі заманауи жастар қандай болу керек?. Өйткені бұл сұрақтар болашақпен тікелей байланысты.<br>Халқымыздың «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген ұлағатты сөзін қазіргі жастар білімнің шыңына шығуға баға жетпес үлкен рухани қару екендігін жете ұғынса, қаперінде ұстаса, болашағы жарқын болары сөзсіз ғой. Әрбір жас қоғамда өз орнына ие болу үшін кез келген қоғамдық мәселеге бейжай қарамауы тиіс.<br>Жастар арасында көптеген мәселелерді негізгі бағыт ретінда алуға болады және кейбіріне тоқталып өткенді жөн көрдік. Жұмыссыздық көптеген жат қылыққа апарар қиын мәселе. Өкінішке орай қазіргі көптеген жастардың бойында жалқаулық басым. Сол себептен шығар кей жастарда «жеңіл табысқа» ұмтылу, бойларынан озбыр, өзімшіл қасиеттерді де байқап қалып жатамыз. Қазіргі жастар тонау, қылмыс, зорлық-зомбылық, бір-бірін аямай дүние, ақша үшін бір-бірін аяусыз өлтіріп, қолын былғауға әуестеніп жүргендері де бар. Салауатты өмір салтын сақтамай, денсаулыққа зиян дүниемен де, алкоголь, никотин және есірткімен айналысатындар да жоқ емес. Діни сауатсыздықтың салдарынан әр түрлі діни ағымдар жетегіне ергендерде бар. Қоғамда орын алып жатқан осындай мәселелерге бас ауыртпай-ақ, басқалар не десе мен де солай дейін деп бас изеп, «Құл болмасаң, бұл бол» деген пікірде жүретіндер де баршылық. Сондықтан да қоғамда жемқорлыққа да, әділетсіздікке де жол беріліп жатады. Осы айтылғандардан бөлек, жастар арасындағы өзекті мәселелерге статистикалық талдау жасасақ: |

| | |
|---|---|
| | - Өкінішке қарай, елімізде жасөспірімдер қылмысы азаймай отыр. Дерекке сүйенсек, жыл сайын орта есеппен 145 мыңнан астам заң бұзушылық тіркеледі екен. Бозбала мен бойжеткендер арасындағы теріс қылықтың көбі ұрып-соғу, ұрлық және өз-өзіне қол салу сияқты фактілерден тұрады. Ең сорақысы, жыл сайын заң талабымен жазаланатын жасөспірімнің кемінде біреуі бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу үшін тәрбиелеу колонияларына жіберіледі.<br>- Сарапшылардың бағалауы бойынша әлемде ойынға тәуелділік себебінен суицидтің 15 есе артуы байқалады. 2023 жылдың 8 айында елде 2620 суицид фактісі тіркелген, оның 2080 ерлер, 540 әйелдер және 139-ы кәмелетке толмағандар. Сондай-ақ, құмар ойындарға қаражат табу үшін адамдар ортақ отбасылық мүлікті сатады, несие алады және қылмыстар жасайды. Мысалы, 2023 жылы Астана қаласында бір азамат ақшалай қаражатқа мұқтаж болуына байланысты көлігін иемденіп, одан әрі сату мақсатында өзінің досын өлтірген. Осылайша, құмар ойындарға тәуелділік ұрлыққа, сеніп тапсырылған мүлікті жымқыруға және басқа да экономикалық қылмыстарға әкеледі.<br>- Статистикаға сәйкес, Қазақстанда 108 мыңнан астам психоактивті заттарды қолданғандардың бақылауында тұр. Оның ішінде, есірткіге тәуелді 18 243 адам бар. Оның ішінде басым бөлігі жастардың үлесінде. Соңғы жылдары Атырау қаласында жастардың зиянды заттарды (есірткі, темекі, вейб сияқты т.б.), психотропты дәрілерді қолдануы белең алып, 2023 жылы қоғам белсенділері тарапынан әлеуметтік желілерде бірқатар наразылық акциялары өткізіліп, Үкіметке үндеу жолданды.<br>Біз жоғарыда көрсеткен статистикалық мәліметтер «Айсбергтің» ұшы ғана. Жастар арасында кері әсер қалдыратын мәселелер күннен-күнге көбейіп күш алып бара жатыр. Мүмкін мұның бірден-бір себебі идеологиялық көз қарас қалыптастыра алмауымызда. Яғни ақпараттық кеңістікте ұтылып жатырмыз десек те болады. Бірақ ешқашанда кеш болмайды. Қоғамдағы қауіпті түсініктермен күресті ешқашан тоқтатпау қажет. Ақпараттық алаң туралы айтпас бұрын, әлеуметтік желі және интернет туралы қозғап өтсек:<br>Халықаралық Dateportal сервисі 2024 жылы қазақстандықтардың мобильді жарнама, цифрлық контент, медиа платформаларды қолдануы жөнінде сандық мәліметтер келтіреді. Өткен жылмен салыстырғанда интернет қолданушылар саны 1,1%-ға өсіп, жалпы халықтың 92.3% құраған. Әлеуметтік желіде 71,5% қазақстандық отырады( 2% өсім). Әлеуметтік желіні қолданушылар саны 3,7 млн-ға көбейген. Tik Tok 3,7 млн (35%), Instagram 1,7млн (17%), FaceBook 400 мың (18%), Линкедин 200мың (17%). Tik Tok-тың ауқымы өте үлкен, интернет қолданушыларының 77,5%-ын (14,1 млн адам) құрайды. Instagram 66,5% (12,1 млн), FaceBook 14,3% (2,6 млн) адам. Сілтемемен өту бойынша алдыңғы орын Пинтерест қосымшасында 2023 жылы аяғында 31,1% болса, биыл 17%-ға өскен. FaceBook 4 жылда бірінші рет 33.8%-ға өсім көрсеткен.<br>Еліміздің басты қозғаушы күші жастар. Сондай-ақ, әлеуметтік желіні тұрақты пайдаланатын да жастар болып табылады. Елімізде интернет соның ішінде әлеуметтік желі пайдаланушылардың саны қарқынды түрде дамып келеді. Халық ақпарат көздерін әлеуметтік желіден алады. Қоғамның, әсіресе жастардың құқықтық, медиа, мәдени сауаттылықтарын арттыруда әлеуметтік желінің тигізер әсері мол екендігін ескерген жөн.<br>Еліміздің басты құндылығы адам. Сол себепті, еліміздегі, оның ішінде облыстағы ең өзекті деген әлеуметтік мәселелер тізімі жасақталып, арнайы сценарий жазылып, командалық топпен қоғамға идеологиялық бағытты насихаттайтын маңызды әлеуметтік роликтер түсіріледі.<br>**«Жастар таңдауы – Атырау» қоғамдық бірлестігі** әлеуметтік видеоролик циклін дайындауға толық мүмкіндігі жетеді. Оған себеп, команда мүшелері 2023 жылы «Atyrau Bilim Media» медиа жобасын сәтті жүзеге асырған болатын. Биылғы жылы «Atyrau Densaulyq Media» медиа жобасын жүзеге асырып, ақ халатты абзал жандардың алғысына бөлінуде. Яғни, медиа саласында тәжірибесі мол. «Avocado social video's» атауы жобаға жаңаша дем береді. Біріншіден, бұл заманауи естіледі, яғни жастардың қызығушылығын оятуға себепші болады. Екіншіден, авокадо минералды заттарға, микроэлементтерге, дәрумендерге (әсіресе, В,Е дәрумендеріне) бай, инфаркттың алдын алып, күйзеліспен күресуге көмектесе алады және терінің жазылуына әсер етеді. Біз түсірген әлеуметтік бейнеролик жастарға да дәл солай пайдалы әсер |

| | |
|---|---|
| | еткенін көздейміз. Үшіншіден, Instagram-дағы ең танымал жеміс қандай? Әрине, авокадо! Осы жоба аясында түсірілген әлеуметтік бейнероликтердің негізгі мақсаты барша жастарға жетіп танымал болуында деп есептейміз.<br><br>Пайдаланылған ақпарат көздері:<br>https://www.stat.gov.kz/<br>https://eljastary.kz/upload/iblock/0e6/lxtjt7dlq0xu1a7hjm540sw3fxzdhycd.pdf<br>https://egemen.kz/article/339683-zhasospirimder-arasyndaghy-qylmystynh-sebebi-men-saldary<br>https://azattyq-ruhy.kz/society/60727-ludomaniiamen-kures-174-myn-zhastardan-36-mlrd-tengege-stavkalar-kabyldangan<br>https://digitalbusiness.kz/2024-03-01/mezhdunarodniy-servis-datareportal-predstavil-ezhegodniy-otchet-o-tsifrovom-prostranstve-kazahstana-v-2024-godu/amp/<br>https://ntime.kz/жаңа-қазақстанның-жарқын-болашағы-та/ |
| 4. Әлеуметтік жобаның мақсаты | Өзекті мәселелердің алдын алуға бағытталған интернет желісіндегі әлеуметтік контенттің үлесін нығайту, барлық бейнероликтерді қарау саны 2 миллионнан кем емес болуы |
| 5. Әлеуметтік жобаның міндеттері | 1) Негізінде бейнероликтер әзірленетін төрт өзекті бағытқа талдау жүргізу(*өзекті бағыттарды Тапсырыс берушімен алдын ала келісу)*;<br>2) Тапсырыс берушімен одан әрі келісе отырып, 4 әлеуметтік бейнеролик сценарийін әзірлеу;<br>3) Таңдалған өзекті бағыттар бойынша 4 әлеуметтік бейнеролик әзірлеу;<br>4) Дайындалған әлеуметтік бейнероликтерді тарату бойынша ақпараттық жұмыс(*тарату арналары: өңірдегі танымал әлеуметтік желі блогерлерінің парақшаларында, әлеуметтік желілерде, көше экрандарында, ТВ, қоғамдық мекемелер мен орындарда және т.б. тарату арналарында*); |
| 6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады). | **1-міндет. Негізінде бейнероликтер әзірленетін төрт өзекті бағытқа талдау жүргізу(*өзекті бағыттарды Тапсырыс берушімен алдын ала келісу)*;**<br>**№1 іс-шара.** Елімізде және Атырау облысында жастар арасындағы кемінде 10 өзекті бағыттың тізімін жасақтау;<br>**№2 іс-шара.** Google Форма және әлеуметтік желі арқылы кемі 200 жастың қамтылуымен өзекті бағыттарды таңдауда сауалнама жүргізу;<br>**№3 іс-шара.** Сауалнама нәтижесі бойынша таңдалған 4 бағытты Тапсырыс берушімен алдын ала келісу және талдау жүргізу;<br>**№4 іс-шара. Жоба инновациясы** ретінде өзекті бағыттардың сарапшыларын, қоғам белсенділерін жинай отырып, фокус группа ұйымдастыру;<br><br>**2-міндет. Тапсырыс берушімен одан әрі келісе отырып, 4 әлеуметтік бейнеролик сценарийін әзірлеу;**<br>**№1 іс-шара.** Жастар арасында кеңінен танымал әлеуметтік бейнероликтердің сценарийіне талдау жүргізу.<br>**№2 іс-шара.** Сценарийді кино және театр саласындағы сценарийшыларын тарттыру арқылы әзірлеу.<br>**№3 іс-шара.** Тапсырыс берушіге бір әлеуметтік бейнеролик сценарийінің кемінде 5 нұсқасын ұсыну;<br>**№4 іс-шара.** Тапсырыс берушімен бекітілген сценарийдің сюжеттік тақтасын (раскадровка) дайындау.<br><br>**3-міндет. Таңдалған өзекті бағыттар бойынша 4 әлеуметтік бейнеролик әзірлеу;**<br>**№1 іс-шара.** Бекітілген сценарийге сәйкес актерлық құрамға кастинг өткізу, кемінде 1 республикалық деңгейдегі танымал тұлғаны тарттыру;<br>**№2 іс-шара.** Әлеуметтік бейнероликті түсіруге арналған түсірілім алаңын дайындау; |

| | | |
|---|---|---|
| | **№3 іс-шара.** Бейнероликтердің сапалы түсірілуі үшін жоғары деңгейдегі мүмкіндігі бар техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету;<br>**№4 іс-шара.** Әлеуметтік бейнероликті әзірлеуге қажетті режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық қоюшы, монтаждаушы, колорист, гример құрамын жасақтау;<br><br>**4-міндет. Дайындалған әлеуметтік бейнероликтерді тарату бойынша ақпараттық жұмыс ұйымдастыру,**<br>**№1 іс-шара.** Өңірдегі танымал әлеуметтік желі блогерлерінің парақшаларына, жергілікті телеарналарға, көше экрандарында талдау жүргізу және келісімге келу;<br>**№2 іс-шара.** Дайын бейнероликті танымал әлеуметтік желіге жүктеу және таргет жүргізу;<br>**№3 іс-шара.** Әлеуметтік бейнероликтерді қоғамдық мекемелер мен орындарда тарату;<br>**№4 іс-шара.** Қоғамдық іс-шараларда, жоғары оқу орны және кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерінде жастардың, студенттердің қатысуымен бейнероликтің көрсетілімін ұйымдастыру. | |
| 7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы | Атырау облысы | |
| 8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні | 2024 жыл 1 тамыз | |
| 9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні | 2024 жыл 30 қараша | |
| 10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары | Атырау облысының 14-35 жас аралығындағы жастары, әлеуметтік желінің пайдаланушылары | |
| 11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері | Өзекті бағыттар бойынша 4 әлеуметтік бейнеролик әзірленеді. Барлық бейнероликтердің қаралым саны 2 миллионнан кем емес болады. | |
| Сандық нәтижелері | 1) Бейнероликтер әзірленетін төрт өзекті бағытқа талдау жүргізу;<br>2) Тапсырыс берушімен одан әрі келісе отырып, 4 әлеуметтік бейнеролик сценарийін әзірлеу;<br>3) Таңдалған өзекті бағыттар бойынша 4 әлеуметтік бейнеролик әзірлеу,<br>4) Дайындалған әлеуметтік бейнероликтерді тарату бойынша ақпараттық жұмыс ұйымдастыру;<br>Тікелей қамту: кемінде 20 жас<br>Ақпараттық қамту: кемінде 2 000 000 адам | |
| Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері | - Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін жастардың екі фазалы сауалнамасы арқылы ақпаратты тұтынушылардың қанағаттану деңгейін 80%-дан асыру;<br>- Жобаның белсенді кезеңі аяқталғаннан кейін қатысушылармен кемінде 2 фокус-топтық талқылау | |
| 12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*<br>* Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және серіктестердің хаттарымен расталады | Серіктес | Қолдау түрі |

| | |
|---|---|
| 13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады | **№1 іс-шара.** Жоба аясындағы барлық іс-шаралар және жүзеге асқан жұмыстар әлеуметтік желі арқылы жарияланатын болады<br>**№2 іс-шара**. Дайындалған әлеуметтік бейнероликтерді тарату бойынша ақпараттық жұмыс(*тарату арналары: өңірдегі танымал әлеуметтік желі блогерлерінің парақшаларында, әлеуметтік желілерде, көше экрандарында, ТВ, қоғамдық мекемелер мен орындарда және т.б. тарату арналарында*)<br>**№3 іс-шара.** Жоба қорытындысы бойынша баспасөз қызметінде ақпарат беріледі. |

4. Күнтізбелік жоспар

| № Р\с | Шешілетін міндет* | Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны | Басталу күні | Аяқталу күні | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **1-міндет. Негізінде бейнероликтер әзірленетін төрт өзекті бағытқа талдау жүргізу(*өзекті бағыттарды Тапсырыс берушімен алдын ала келісу*;** | **№1 іс-шара.** Елімізде және Атырау облысында жастар арасындағы кемінде 10 өзекті бағыттың тізімін жасақтау; | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Елімізде және Атырау облысында жастар арасындағы кемінде 10 өзекті бағыттың тізімін жасақталады |
| | | **№2 іс-шара.** Google Форма және әлеуметтік желі арқылы кемі 200 жастың қамтылуымен өзекті бағыттарды таңдауда сауалнама жүргізу; | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Google Форма және әлеуметтік желі арқылы кемі 200 жастың қамтылуымен өзекті бағыттарды таңдауда сауалнама жүргізіледі |
| | | **№3 іс-шара.** Сауалнама нәтижесі бойынша таңдалған 4 бағытты Тапсырыс берушімен алдын ала келісу және талдау жүргізу; | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Сауалнама нәтижесі бойынша таңдалған 4 бағытты Тапсырыс берушімен алдын ала келісіп және талдау жүргізіледі |
| | | **№4 іс-шара. Жоба инновациясы** ретінде өзекті бағыттардың сарапшыларын, қоғам белсенділерін жинай отырып, фокус группа ұйымдастыру; | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | **Жоба инновациясы** ретінде өзекті бағыттардың сарапшыларын, қоғам белсенділерін жинай отырып, фокус группа ұйымдастырылады |
| 2 | **2-міндет. Тапсырыс берушімен одан әрі келісе отырып, 4 әлеуметтік бейнеролик сценарийін әзірлеу;** | **№1 іс-шара.** Жастар арасында кеңінен танымал әлеуметтік бейнероликтердің сценарийіне талдау жүргізу. | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Жастар арасында кеңінен танымал әлеуметтік бейнероликтердің сценарийіне талдау жүргізіледі |
| | | **№2 іс-шара.** Сценарийді кино және театр саласындағы сценарийшыларын тарттыру арқылы әзірлеу. | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Сценарийді кино және театр саласындағы сценарийшыларын тарттыру арқылы әзірленеді |
| | | **№3 іс-шара.** Тапсырыс берушіге бір әлеуметтік бейнеролик сценарийінің кемінде 5 нұсқасын ұсыну; | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Тапсырыс берушіге бір әлеуметтік бейнеролик сценарийінің кемінде 5 нұсқасы ұсынылады |
| | | **№4 іс-шара.** Тапсырыс берушімен бекітілген сценарийдің сюжеттік тақтасын (раскадровка) дайындау. | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Тапсырыс берушімен бекітілген сценарийдің сюжеттік тақтасы (раскадровка) дайындалады |
| 3 | **3-міндет. Таңдалған өзекті бағыттар бойынша** | **№1 іс-шара.** Бекітілген сценарийге сәйкес актерлық құрамға кастинг өткізу, кемінде 1 | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Бекітілген сценарийге сәйкес актерлық құрамға кастинг өткізіліп, кемінде 1 республикалық деңгейдегі танымал тұлғаны тарттырылады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4 әлеуметтік бейнеролик әзірлеу;** | республикалық деңгейдегі танымал тұлғаны тарттыру; | | | |
| | | **№2 іс-шара.** Әлеуметтік бейнероликті түсіруге арналған түсірілім алаңын дайындау; | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Әлеуметтік бейнероликті түсіруге арналған түсірілім алаңы дайындалады |
| | | **№3 іс-шара.** Бейнероликтердің сапалы түсірілуі үшін жоғары деңгейдегі мүмкіндігі бар техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету; | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Бейнероликтердің сапалы түсірілуі үшін жоғары деңгейдегі мүмкіндігі бар техникалық жабдықтармен қамтамасыз етіледі, мысалы: кемінде секундына 25 кадр, рұқсаты 1920*1080, FuLLHD форматында |
| | | **№4 іс-шара.** Әлеуметтік бейнероликті әзірлеуге қажетті режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық қоюшы, монтаждаушы, колорист, гример құрамын жасақтау; | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Әлеуметтік бейнероликті әзірлеуге қажетті режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық қоюшы, монтаждаушы, колорист, гример құрамы жасақталады |
| 4 | **4-міндет. Дайындалған әлеуметтік бейнероликтерді тарату бойынша ақпараттық жұмыс ұйымдастыру,** | **№1 іс-шара.** Өңірдегі танымал әлеуметтік желі блогерлерінің парақшаларына, жергілікті телеарналарға, көше экрандарында талдау жүргізу және келісімге келу; | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Өңірдегі танымал әлеуметтік желі блогерлерінің парақшаларына, жергілікті телеарналарға, көше экрандарында талдау жүргізіледі және бейнеролик жарияланады |
| | | **№2 іс-шара.** Дайын бейнероликті танымал әлеуметтік желіге жүктеу және таргет жүргізу; | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Дайын бейнероликті танымал әлеуметтік желіге жүктеп және таргет жүргізіледі |
| | | **№3 іс-шара.** Әлеуметтік бейнероликтерді қоғамдық мекемелер мен орындарда тарату; | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Әлеуметтік бейнероликтерді қоғамдық мекемелер мен орындарда таратылады |
| | | **№4 іс-шара.** Қоғамдық іс-шараларда, жоғары оқу орны және кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерінде жастардың, студенттердің қатысуымен бейнероликтің көрсетілімін ұйымдастыру. | 1 тамыз 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Қоғамдық іс-шараларда, жоғары оқу орны және кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерінде жастардың, студенттердің қатысуымен бейнероликтің көрсетілімі ұйымдастырылады |

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

| № | Шығыстардың баптары | Өлшем бірлігі | Саны | Құны, теңге | Барлығы, теңге | Қаржыландыру көздері | | Негіздеме/түсініктеме |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Өтініш беруші (жеке салым) | Грант қаражаты | |
| 1 | **Әкімшілік шығындар:** | | | | **1600000** | | **1600000** | |
| | Жалақы соның ішінде: | | | | **1574040** | | **1574040** | |
| | Жоба жетекшісі (міндетті зейнетақы жарнасы, жеке табыс салығы және міндетті медициналық сақтандыру жарнасы) | ай | 4 | 150 000 | 600000 | | 600000 | |
| | Жоба қоғаммен байланыс жөніндегі маманы (міндетті зейнетақы жарнасы, жеке табыс | ай | 4 | 100 000 | 400000 | | 400000 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | салығы және міндетті медициналық сақтандыру жарнасы) | | | | | | | |
| | Ұйым есепшісі (міндетті зейнетақы жарнасы, жеке табыс салығы және міндетті медициналық сақтандыру жарнасы) | ай | 4 | 100 000 | 400000 | | 400000 | |
| | Әлеуметтік аударымдар(СО) | ай | 4 | 11 025 | 44100 | | 44100 | |
| | Жұмыс берушінің өз мамандары үшін міндетті зейнетақы жарналары(ОПВР) | ай | 4 | 3 750 | 15000 | | 15000 | |
| | Міндетті медициналық сақтандыруға аударымдар (ООСМС) | ай | 4 | 10 500 | 42000 | | 42000 | |
| | Әлеуметтік салық(СН) | ай | 4 | 18 235 | 72940 | | 72940 | |
| | **Басқа да шығыстар, оның ішінде:** | | | | **25960** | | **25960** | |
| | Банк қызметтері | қызмет | 1 | 25 960 | 25960 | | 25960 | |
| **2** | **Материалдық-техникалық қамтамасыз ету:** | | | | **850000** | | **850000** | |
| | Микрофон тіреуіштері | дана | 1 | 80 000 | 80000 | | 80000 | |
| | Микрофон | дана | 1 | 225 000 | 225000 | | 225000 | |
| | Картрайдер | дана | 2 | 40 000 | 80000 | | 80000 | |
| | Электронды стабилизатор | дана | 1 | 465 000 | 465000 | | 465000 | |
| **3** | **Тікелей шығындар:** | | | | **7560000** | | **7560000** | |
| | **Негізінде бейнероликтер әзірленетін төрт өзекті бағытқа талдау жүргізу(өзекті бағыттарды Тапсырыс берушімен алдын ала келісу)** | | | | **410000** | | **410000** | |
| | Фокус группа іс-шарасына ғимаратты жалға алу | қызмет | 4 | 30 000 | 120000 | | 120000 | |
| | Фокус группа іс-шарасына мобилография қызметі | қызмет | 4 | 30 000 | 120000 | | 120000 | |
| | Баннер, джокер, дизайн (3*2 метр * 1 шара) | қызмет | 1 | 50 000 | 50000 | | 50000 | |
| | Кофе брейк | қызмет | 4 | 30 000 | 120000 | | 120000 | |
| | **Тапсырыс берушімен одан әрі келісе отырып, 4 әлеуметтік бейнеролик сценарийін әзірлеу;** | | | | **800000** | | **800000** | |
| | Сценарийшының қаламақысы | қызмет | 4 | 150 000 | 600000 | | 600000 | |
| | Сюжет тақтасын(раскадровка) жасақтаушы маманға қаламақы | қызмет | 4 | 50 000 | 200000 | | 200000 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Таңдалған өзекті бағыттар бойынша 4 әлеуметтік бейнеролик әзірлеу** | | | | **4670000** | | **4670000** | |
| | Видео оператор, монтажер, жарық қоюшы қаламақысы | қызмет | 4 | 580 000 | 2320000 | | 2320000 | |
| | Видео оператор жол шығыны(барып-қайту) | дана | 2 | 70 000 | 140000 | | 140000 | |
| | Видео монтаждаушы жол шығыны(барып-қайту) | дана | 2 | 70 000 | 140000 | | 140000 | |
| | Режиссер қаламақысы | қызмет | 4 | 200 000 | 800000 | | 800000 | |
| | Дыбыс режиссері қаламақысы | қызмет | 4 | 100 000 | 400000 | | 400000 | |
| | Колорист қаламақысы | қызмет | 4 | 100 000 | 400000 | | 400000 | |
| | Гример қаламақысы | қызмет | 4 | 50 000 | 200000 | | 200000 | |
| | Кастингке баннер, джокер, дизайн (3*2 метр * 1 шара) | қызмет | 1 | 50 000 | 50000 | | 50000 | |
| | Кастингке кофе брейк | қызмет | 1 | 20 000 | 20000 | | 20000 | |
| | Танымал әртіс қаламақысы | қызмет | 1 | 200 000 | 200000 | | 200000 | |
| | **Дайындалған әлеуметтік бейнероликтерді тарату бойынша ақпараттық жұмыс ұйымдастыру** | | | | **1680000** | | **1680000** | |
| | Блогер әлеуметтік желі парақшасына жариялау | қызмет | 4 | 100 000 | 400000 | | 400000 | |
| | Телеарнаға жариялау | қызмет | 8 | 50 000 | 400000 | | 400000 | |
| | Таргет қызметі | қызмет | 4 | 20 000 | 80000 | | 80000 | |
| | Республикалық деңгейдегі әлеуметтік желі парақшасына жариялау | қызмет | 2 | 400 000 | 800000 | | 800000 | |
| | Жиынында: | | | | **10 010 000** | | **10 010 000** | |

* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі.

6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:
- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;
– осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;
- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;
– осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;

– осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;
- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;
- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен шағым жасайтын берешекті қоспағанда);
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

КБ төрағасы [signature] Сейтқалиев Дәурен Нұхұлы 2024ж. "12" маусым
(ұйым басшысының лауазымы) (қолы) (қолдың толық жазылуы) (толтыру күні)